

СОРТАҢДАНҒАН ТОПЫРАҚ ЖАҒДАЙЫНА БЕЙІМДЕЛГЕН ОТАНДЫҚ МАҚТА СОРТТАРЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

МАҚСТЫ – Сортаңданған топырақ жағдайына толық бейімделген отандық жаңа мақта сорттары мен сорт жаңарту және сорт ауыстыру, жаңа сорттардың аурулары мен зиянкестерге төзімділігін және өнімділігі мен сапасын арттыру.

ТАПСЫРМАЛАР:

1. Отандық мақта сорттарының өнімділігін 45-50 ц/га жеткізу.
2. Ерте пісер сорттар жарату,
3. Талшығының ұзындығын 34-37 мм артыру.
4. Тұқым шаруашылығы жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету .
5. Жоғары сапалы тұқымдарды қажетті көлемде өндіруді және өткізуді қамтамасыз ету
6. IV репродукциядан төмен емес тұқымдармен егілетін егістік алқаптарын ұлғайту.
7. Сортты сынау мен тұқым шаруашылығын техникалық және технологиялық жаңғырту
8. Сапалы тұқым көлемін ұлғайтуды ынталандыратын тұқым шаруашылығын субсидиялау тетіктерін жетілдіру.

ФЕРМЕРЛЕР ҮШІН ТӘЖІРИБИЕЛІК МАҢЫЗЫ:

Түркістан облысы климат жағдайына төзімді, сортаңданған топырағына бейімделген, жер астындағы тұздарға және ылғалдылық жетіспеушілігіне шыдамды өнімділігі жоғары Мақтаарал-4011 және Мақтаарал 5027 мақта сорттары аурулар мен зиянкестерге төзімді, шет елдік мақта сорттарынан еш кем түспейді. Қазіргі таңда отандық мақта шаруалар арасында үлкен сұранысқа ие.

Мақтаның өнімділігін арттыру мен өнім сапасын көтеру көптеген факторларға, жағдайларға байланысты. Солардың ішінде жоғары гинетикалық мүмкіншіліктері бар жаңа отандық мақта сорттарын шығару

және оны өндіріске енгізіп, бәсекеге қабілетті өнім шығару басты мәселелердің бірі болып табылады.

Осыған байланысты Мақта және бақша АШТС-да жүгізіліп отырған ғылыми зерттеу жұмыстары осы саланың өсіп дамуына үлкен үлесін қосып өркендеуіне ықпал етіп келеді.

“Мақта және бақша АШТС” ЖШС отандық бәсекеге қабілетті аурулар мен зиянкестерге төзімді мақта сорттарының түпнұсқалық және элиталық тұқымдарын дайындап, облыстағы тұқым шаруашылықтарын қамтамасыз етуде.

МАҚТА ДАҚЫЛЫНЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Мақта - техникалық дақыл ретінде қоршаған ортаға, ауа райына, топырақтың құнарлылығына, әсіресе күн көзі мен ағын суға талғамы жоғары дақыл.

Өсіріп баптау - вегетация кезеңінде мақта талабына сай агротехникалық іс-шаралар өз уақытында және сапалы жүргізілсе, өнімділікті әр гектардан 40-45 центнерге дейін жеткізуге болады.

Мақта талшығы осы өсімдіктің беретін негізгі шикізаты болып табылады. Шитті мақтада 30-38% талшық, 50-56% шит болады, ал, шитте 18-22% мақта майы бар. Одан 20-дан астам түрлі дайын бұйымдар шығаруға болады.

Шитті мақта - халық шаруашылығының тоқыма өнеркәсібі, май өңдеу, гидролиз, химия және басқа да салалары үшін қажетті шикізат.

Қазақстанда жер кең. Бірақ мақта өсіретін аймақ оңтүстік қана. Бұл өңір бүкіл Қазақстандағы суармалы жердің ¼ бөлігін алып жатқанын ескерсек, осынау байлықтың бағасы мен мақтаның мүмкіндігін тиімді пайдалана білуіміз керек. Мақта саласы бойынша Қазақстан Республикасына көршілес жатқан Өзбекстан, Тәжікстан және ҚХР мемлекеттері т.б. көптеген шет елдік мемлекеттер, бәсекелес болып отыр. Өзіміздің отандық мақта тұқымының элиталық сортын пайдаланбауымыздың әсерінен өнімділік төмендеуде.

Шет елдің сорттарын еккен дихандар күтілген нәтижеге қол жетізе алмауда. Оның бір ден бір себебі шет ел мақта сорттары біріншіден еліміздің климатына және топырақ жағдайына бейімделмеген төзімсіз болып келеді. шет елден алып келінген шиттер P2 , ол дегеніміз өнімділік төмен деген сөз.Өзбекстан болмаса ҚХР әкелінген өнінімділігі жоғары сорттары көбіне

вилт ,гамоз ауруларына төзімсіз болып келеді. Сонымен қатар көрші мемлекеттердің мақта сорттары пісіп – жетілу кезеңі тым ұзақ 120-130 күнді құрайды. Ол дегеніміз жиын терім кешігіп көсектер ашылмай қалуы мүмкін деген сөз.

Апта кететін бір мәселе, Шет елдің мақта сорттары мен бірге елімізге карантиндік аурулар мен зиянкестер келмеуіне кім кепіл.

Міне, саланың мақта үшін жаны ауыратын мамандарының, ғалымдардың жанына бататын, көп жылдан бері көкірекке тағылған, түтіні қалың, салмағы ауыр осындай, көкейтесті проблемалар көп.

Мақта шаруашылығындағы ғылыми-зерттеулерді дамыту, отандық бәсекеге қабілетті мақтаның жаңа сорттарын шығару, жалпы мақта өндірудің тиімділігін инновациялық технологияларды өндіріске ендіру арқылы арттыру мақсатында Мақта және бақша АШТС ғалымдары айналысып, бірқатар жетістіктерге жетті.

Атап айтсақ, елімізде өзіміздің отандық мақта сорты жоқ болатын. Біз көрші мемлекеттерге тәуелді едік. 2000 жылдан бастап бәсекеге қабілетті өзіміздің отандық сорттар шыға бастады, қазіргі таңда оларды мақта өндірушілер пайдалана отырып, жалпы егістің 85 пайызына ендірді. Енді ешкімге тәуелді емеспіз.

Мақта шаруашылығындағы ғылыми-зерттеулерді дамыту арқылы отандық бәсекеге қабілетті мақтаның 16 орта талшықты, сыртқы ортаның қолайсыз факторларына төзімді, өнімділігі басқалардан 5-6 ц/га жоғары сорттары шығарылды. Олардың 9-ы (ПА-3044, Мақтаарал-4005, ПА-3031, Береке-07, Мақтаарал-4007, Мақтаарал-4011, Мырзашөл-80, Мақтаарал-5027) аудандастырылды.

ҒЫЛЫМИ ЖЕТІСТІКТЕРДІ ӨНДІРІСКЕ ЕНДІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ НАСИХАТТАУ

Мақтаның ПА-3031, ПА-3044, М-4005, М-4007, М-4011, Береке-07 және Мырзашөл-80 сорттары аудандастырылған және қазіргі таңда

Түркістан облысында мақта егетін шаруашылықтарының 85% астам егіс алқаптарына ендірілген, Атакент-2010 (№438, 2015 ж.) және БТМ-4047 (№439, 2015 ж.) сорттарына Қазақстан Республикасының селекциялық жетістігінің патенті алынған.

Мақта талшығының шығымы мен ұзындығы, шаруашылық-бағалы белгілері жоғары М-4005, М-4007, М-4011, Береке-07 және Мырзашөл-80, мақта үлгілерін кеңінен қолдану ұсынылады.

"Мақтаарал-5027" мақта сорты

Мақта және бақша ауылшаруашылық тәжірибе станциясының ғалымдары мақтаның орташа талшықты жаңа сортын шығарды. Жаңа сорт ерте пісер сорттар тобына жатады, шит өнгеннен бірінші көсек ашылғанға дейінгі кезең 115-117 күн. Өнімділік гектарына 35-40 центнерді құрап отыр. "Мақтаарал-5027" сорты вилтке төзімді, «Береке-07» сортымен салыстырғанда тек 0,1% қатты зақымдалған ал, «Береке-07» бақылау сортында 0,3%-дан астам ауру өсімдіктер байқалды.

“Мақтаарал-5027” сортының талшық шығымы 37-38%, талшық ұзындығы 33,5-33,7 мм. Бұтасы конустық пішінді, жайылмады, биіктігі 120-125 см, көсегі дөңгелектеу, сәл кедір-бұдыр, қауашағы 5 бөлікті, жақсы ашылады және піскен кезде мақта түсіп кетпейді. 1 000 тұқымның салмағы 122,5-тен 124,2 грамға дейін жетеді.

“Жаңа сорттың ерекшеліктеріне оның көсек құрты мен карадрин зиянкестеріне төзімділігі, сонымен қатар талшық шығымдылығы бойынша бақылау сортынан 2,2% және талшық ұзындығы 0,5 мм артықшылығы бар. Сорт тыңайтқышқа және кеш суаруға шыдайды, сонымен қатар машинамен жинауға да қолайлы”.

2021 жылы «Мақтаарал-5027» сортына селекциялық жетістікке патент берілді.

«БТМ-4047» мақта сорты

Өнімділігі 30-35,3 ц/га жоғары болатын қоңыр түсті отандық мақта селекциясының жетістігінің бірі БТМ-4047 сорты, талшығының сапасы әлемдік стандарттарға сай.

Талшық ұзындығы -33,5 мм, талшық шығымы-36,5-38,7 % микронейр-4,5.

сондай-ақ вирустық, бактериялық (қара тамыр шірігі, гоммоз, вильт) ауруларына төзімді, топырақтың орташа тұздануына және құрғақшылыққа төзімді мақта сорты .

2015 жылы БТМ-4047 сортына селекциялық жетістігінің патенті берілді.

«Түркістан» мақта сорты

Түркістан мақта сорты орта талшықты өнімділігі суармалы жерлерде 42-45 ц/га. Талшық ұзындығы -35-36 мм , талшық шығымы-36-37 %. Пісіп жетілу кезеңі, алғашқы көсегінің ашылуы 105-110 күн, көсегінің салмағы 6-6,5 гр. 1000 шиттің салмағы 130-135гр. Қазіргі таңда Мақта және бақша АШТС-да көбейтілуде.

МАҚТАНЫҢ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Ауыспалы егісті барлық мақта алқабында міндетті түрде ендіру, суармалы жоңышқа,бақша дақылдарының отандық сорттарын ендіру;

Жер жыртудан алдын фосфор тыңайтқыштарын 300 - 350 кг/га көлемінде қолдану;

Мақта өндіруші фермерлердің тұтыну кооперативін ұйымдастыру;

Жаңа техникалар және саймандарды сатып алуға қаржылай көмекті арттыру;

Инфрақұрылымды қолдау: жолдар, құрылыс салу, жерді тұзсыздандыру, ирригация жұмыстарын дамыту;

Жерді күрделі тегістеу 100 м-ге 10 см еңіс болу керек;

ТЫҢАЙТҚЫШТАР ҚОЛДАНУ

Мақта егісіне минералдық тыңайтқыш енгізудің мөлшері жоспарланған өнімге, топырақтағы қоректік заттардың қорына, қолданылатын агротехникалық шараларға байланысты. Шитті мақтаның 1 тоннасы топырақтан 40-50 кг азот, 15-20 кг фосфор және 60 кг калий сіңіреді. Осы алынған элементтердің орны топыраққа органикалық және минералдық тыңайтқыштарды қолдану арқылы толтырылады. Мақта өсіп-дамуының

алғашқы кезеңінде қоректік заттарды аз мөлшерде пайдаланады. Атап айтқанда, көктеп шыққаннан шанақтау кезеңіне дейін барлық пайдаланылатын азот пен фосфордың 3-4% -ын, ал калийдің небәрі 2-3%-ын сіңіреді. Аталған қоректік заттарды ең көп мөлшерде пайдаланатын кезең — гүлденуден жап-пай піскенге дейін. Осы уақыт ішінде азоттың 65-70%-ын, ал калий мен фосфордың 75-80% -ын пайдаланады. Мақтаны өсіргенде, осы көрсеткіштерге сүйене отырып, берілетін минералдық тыңайтқыштардың мөлшері мен мезгілін белгілеу керек. Берілетін барлық азот тыңайтқыштарының 25% -ын егін себер алдында, ал қалған 75% -ын тұқым себу кезінде және үстеме қоректендіру арқылы берген дұрыс. Негізінен оған фосфор тыңайтқыштарының 75%-ы күзде сүдігер жырту алдында, 25% -ы үстем қоректендіру кезінде беріледі. Алайда, Мақтаарал тәжірибе станциясында мақтаның жақсы дамуына және фосфор тыңайтқыштарының ең жоғарғы тиімділігіне жыртылған жерге 20-30 см тереңдікте фосфор тыңайтқышының жылдық мөлшерінің 60%-ын, ал егу алдында 10-12 см тереңдікке оның 40%-ын енгізгенде қол жетті. Егін себу кезінде тұқыммен бірге әр гектарға әсерлі заттар есебімен 15-20 кг түйіршікті суперфосфат сіңірген жақсы нәтиже береді. Түркістан облысы жағдайында ауыспалы егіске фосфор берудің мөлшері бірінші және екінші жылы әр гектарға 140-150 кг, үшінші жылы 130-140 кг, ал одан кейінгі жылдарда 120-130 килограмнан болу керек.

**«Мақта және бақша ауыл
шараушылығы тәжірибе станциясы»**

ЖШС Басқарма төрағасы

_____ **Дәуренбек Н.М.**

қолы, мөрі

Эксперт _____ Асабаев Б.С.

қолы

